

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 наурызда № 8417 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округі әкімінің 12.04.2021 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағының 14-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлан аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 01-26/30 ұсынысына сәйкес, Бозанбай ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округі "Куандык" шаруа қожалығының ірі қара малынан қарасан ауруы шығуына байланысты ірі қара малдарына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Бозанбай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртіпте:

- 1) осы шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күнінен бастап, он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмелерін Ұлан ауданының аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы шешімді оның ресми жариялағаннан кейін Ұлан ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бозанбай ауылдық округінің әкімі

Ж. Мухтаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК